

**"2010 - 2014 жылдарға арналған республикалық индустрияландыру картасы туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 303 қаулысына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 4 шілдедегі № 685 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2010 – 2014 жылдарға арналған республикалық индустрияландыру картасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 303 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Инвестициялық жобаларды іске асыру барысын бақылау жөніндегі жауапты мемлекеттік органдар ай сайынғы негізде, есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне дейінгі мерзімде «Жобаларды басқарудың ақпараттық-талдамалық жүйесі» ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – жобалық офис) есептік нысандарын толтыруды қамтамасыз е т с і н . » ;

көрсетілген қаулымен бекітілген 2010 – 2014 жылдарға арналған республикалық индустрияландыру картасы мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 38-1, 38-2, 38-3, 38-4 , 38-5-жолдармен толықтырылсын:

«

38-1.	Каустикалық сода, үшхлорлы фосфор және глифосат өндірісі	И Ж Т М, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (келісім бойынша)	«Жамбыл облысы	«Бірлескен химия компаниясы» ЖШС	2013 – 2015 ж.ж.	2 550
38-2.	Көмір химиясы өнімдерін өндіретін зауыт және көмір шығаратын разрез құрылысы	ИЖТМ, Қарағанды облысының әкімі	Қарағанды облысы	«АРБАТ» БК» ЖШС	2013 – 2019 ж.ж.	300
38-3.	Nomad модельіндегі Ssang Yong маркалы автомобилдерін СКД әдісімен (ұсақ тораптық) жинақтау өндірісін құру	ИЖТМ, Қостанай облысының әкімі	Қостанай облысы	«Сарыарқа АвтоПром» ЖШС	2012 – 2014 ж.ж.	1 640,4
38-4.		И Ж Т М, «Самұрық-Қазына»				1 063

	Қызылорда қаласында табак шыны өндіретін зауыт салу	ҰӘҚ» АҚ (келісім бойынша)	Қызылорда облысы	«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС	2013 – 2015 ж.ж.	
38-5.	Екібастұз-Шүлбі ГЭС (Семей) – Өскемен 500 кВ желісінің құрылысы	ИЖТМ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (келісім бойынша)	«Өңіраралық жоба	«KEGOC» АҚ	2011 – 2017 ж.ж.	282,73

»;

реттік нөмірлері 55, 56 және 57-жолдар алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С. Ахметов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК